

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы
"Ақтөбе облысының білім басқармасы
Байғанин ауданының білім бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
"Жарлы"
бөбекжай-балабақшасы" МКҚК

№ 18
« 15 » 05 2023 ж.

Байғанин ауданы Білім бөлімдерінің
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін
ішкі талдау нәтижелері бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Ақтөбе қаласы, Байғанин ауданы

2023 жылғы 15 мамыр

«Жарлы» бөбекжай-балабақшасы МКҚК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау білім беру ұйымының 2023 жылғы 15 мамырдағы № 32 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Талдауды жүргізу кезеңі: 2023 жылдың бірінші жартыжылдығы.
Талданатын нысан туралы мәлімет:

Мекенжайы: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы

Талдау нысаны: «Жарлы» бөбекжай-балабақшасы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) Білім беру ұйымының қызметіне ықпал ететін басқарманың ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Білім беру ұйымының ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Білім беру ұйымы ұйымның құзыретіне жататын функцияларды, жоспарлы құжаттарды, нормативтік-құқықтық актілерді орындауға, мемлекеттік органның жоспарлы құжаттарында көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, мемлекеттік қызметтер көрсетуге бағытталған іске асыру функцияларын жүзеге асыру міндетті болып табылады.

Білім беру ұйымы өз қызметі мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарына, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, Жарғыға, ұйымның ішкі еңбек тәртіп ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.

Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық сипатындағы нормалардың болуы

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы бойынша

Білім беру ұйымдарының педагогтерін конкурстық тағайындау облыстық білім басқармасы арқылы жүргізіледі. Аталған рәсімдер мемлекеттік көрсетілетін қызмет болып табылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 31-тармағында бірінші басшылар лауазымына орналасуға үміткер жеке тұлға (бұдан әрі – кандидаттар) осы Қағидаларға 1-қосымшаның 8-тармағына сәйкес Мемлекеттік корпорацияға және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне және (немесе) «электрондық үкімет» веб-порталына (бұдан әрі – портал) өтініш пен құжаттар береді делінген.

Альтернатива ретінде мемлекеттік органның кеңсесіне құжат тапсыру рұқсат етілгендіктен, қызмет алушылардың басым бөлігі құжаттарын қағаз түрінде басқармаға тапсырады. Бұнымен қоса, қызметтің 10-15%-ы мемлекеттік корпорация арқылы көрсетіледі (қағаз түрінде). Қызметтің қағаз түрінде көрсетілуі кезінде сыбайлас жемқорлық фактілерінің орын алу ықтималдығы артады.

Электрондық үкімет веб-порталына кандидаттар құжат тапсырғанымен, интеграцияланған жүйе болмағандықтан қызметті көрсетушіге өтініш түскендігі көрінбейді.

Ұсыныс: Осы мәселені шешу үшін қазіргі қолданыстағы е-Портфолио сияқты жүйелердің бірін, электрондық үкімет порталымен интеграциялау қажеттілігі туындап отыр.

Ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметі келесі мәселелерді қамтиды:

- 1) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;
- 2) Мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) Мемлекеттік қызмет көрсету;
- 4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) Бақылау функцияларын іске асыру;
- 6) Бөлімдерге келіп түскен арыз-шағымдар туралы;
- 7) Бөлімнің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

I. ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ, СОНЫҢ ІШІНДЕ КАДРЛАРДЫҢ АУЫСУЫ

2023 жылдың 1-жартыжылдығында 1-тәрбиеші жұмысқа алынды.

Ұсыныс № 3

Білім беру ұйымдарында кадрлардың жиі алмасуына жол бермеу, қызметке тағайындалатын жас мамандарға тәлімгерлік тұрғыда көмек көрсету.

II. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ

Есепті кезеңде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

Білім беру ұйымына жүргізілген талдау барысында төмендегідей ұсыныстар берілді:

- сыбайлас жемқорлық төуекелдерін туындататын нормативтік құқықтық актілер бойынша ұсынысты зерделеп, тиісті органдарға жеткізу;
- білім беру ұйымының тарапынан орындаушылық, атқарушылық тәртіпті күшейту;
- кадрлардың жиі алмасуына жол бермеу, қызметке тағайындалатын жас мамандарға тәлімгерлік тұрғыда көмек көрсету;

«Жарлы» бөбекжай-балабақшасының м.у.а.  Әбдіғалиева.Ұ.Ғ

Жауапты тұлға:  Мұқанбетова.Ә.Д

